

## М.А.Тұрсынова

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті***Қырғыз тіліндегі екінші дәрежелі созылыңқы дауыстылар**

Мақалада түркі тілдеріндегі созылыңқы дауыстыларға шолу жасалды және қырғыз тіліндегі «екінші» дәрежедегі созылыңқы дауыстылар жан-жақты қарастырылды. Автор қырғыз тіліндегі «екінші» дәрежедегі созылыңқы дауыстыларды сөз етіп, дауыстылардың даму тарихын көрсетті, түркологиядағы «бірінші» және «екінші» дәрежедегі дауыстыларға сипаттама береді. Түркі тілдеріндегі созылыңқы дауыстыларды сипаттай келе, оған алтай, хакас, түркімен, тува тілдерінен мысал келтірді. Қырғыз тілі материалдарынан осы тілге тән алты созылыңқы дауыстының бар екенін, сондай-ақ олардың түбір негізінде және қосымшаларда қолданылатынын айқындады.

*Кілтті сөздер:* түркі тілдері, дауысты дыбыстар, дауыссыз дыбыстар, созылыңқы дауыстылар, көне түркі жазба ескерткіштері, созылыңқы дыбыстардың тарихи дамуы, фонема, фонология, дифтонг, сөз құрамы, сөзжасам.

Туыстас түркі тілдерінің сөздік құрамдарында олардың арасындағы жақындықты көрсететін лексикалық, фонетикалық, грамматикалық ұқсастықтармен қоса, әрқайсысының өзіне тән айырмашылықтары да айқын байқалып отырады. Осындай ерекшеліктердің бірі созылыңқы дауыстыларға қатысты болып келеді. Жалпы, дауыстылардың созылыңқы айтылуын ғалымдар түркі тілдерінің бәріне емес, алтай, қырғыз, гагауз, түрікмен, тува, хакас, шор, якут тілдеріне ғана тән құбылыс екенін жазады [1; 29]. Мұның өзінде де якут, түркімен тілдеріндегі созылыңқы дауыстылар байырғы түркі тілдерінің ортақ тілінен қалған жұрнағы, яғни «бірінші» немесе «алғашқы» созылыңқылар болса, қырғыз, шор, гагауз, тува тілдеріндегі созылыңқылар белгілі бір дыбыстық тіркестердің ықшамдалуы нәтижесінде пайда болған «екінші» созылыңқы дыбыстар деп қарастырылады [2]. Яғни «алғашқы» созылыңқылар жалпытүркілік құбылыс ретінде саналады да, «екінші» дәрежелі созылыңқылар түркі тілдерінің бергі даму кездерінде пайда болған.

Түркі тілдерінің көне дәуірлерінде созылыңқы дауыстылардың болған-болмағанына қатысты пікірлерге көңіл аударсақ, М.Қашқаридің сөздігіндегі созылыңқы *a*-ның қос дыбыс арқылы (*aam*, *aac*) берілгенін [3; 160], сонымен қатар дауыстылардың мұндай түрінің диахрониясы туралы М.Томанов: «Орхон-Енисей ескерткіштерінде, одан кейінгі Махмуд Қашқаридің «Диуанында» созылыңқы дауыстылардың айрықша белгілермен белгіленуі олардың кейін пайда болғанын дәлелдейді,» — деп жазған пікірлерін кездестіреміз [1; 29]. Яғни шығу табиғаты жағынан созылыңқы дауыстылар жалаң дауыстылардан кейін пайда болғаны белгілі. Ал А.Т.Бишиев өз еңбегінде П.М.Мелиоранский, К.Фой, А.Габэн, В.В.Радлов, В.Гренбек, И.Бенцинг пікірлері мен көзқарастарын келтіре келе, созылыңқы дауыстылардың руникалық ескерткіштерде, ұйғыр, манихей, араб жазбаларында белгіленуі, сондай-ақ көне созылыңқылықтың ізі түрік, чуваш тілдерінде кездесуі, якут, түрікмен т.б. түркі тілдерінде созылыңқы дауыстылардың болуы «алғашқы» созылыңқылардың барлығы болмаса да, көптеген түркі тілдеріне тән екендігін айта келе: «Даже в том случае, если «первичные» долгие гласные когда-то были представлены исключительно во всех тюркских языках, то в более ранний период они могли возникнуть и в результате различных фонетических процессов, сходных с теми, которые образуют ныне вторичную долготу», — деп қорытындылайды [4; 61].

Созылыңқы дыбыстар бар тілдерде аталған дыбыстардың саны 8 немесе 9 болып келеді де, бұл тілдерде дауыстылар жуан-жіңішке, еріндік-езулік, ашық-қысаңға қосымша қысқа және созылыңқы болып та бөлінеді. Атап айтсақ, алтай, тува, шор, якут тілдерінде 16 дауысты (8 қысқа, 8 созылыңқы), гагауз, хакас тілдерінде 17 дауысты (9 қысқа, 8 созылыңқы), түрікмен тілінде 18 дауысты (9 қысқа, 9 созылыңқы), қырғыз тілінде 14 дауысты (8 қысқа, 6 созылыңқы) дыбыс бар. Бұған қосымша якут тілінде басқа түркі тілдерінен ерекшеліктін белгі ретінде екі дауыстыдан тұратын дифтонг дыбыстар бар.

Түркі тілдеріндегі созылыңқы дыбыстар және олардың сипатын басқа түркі тілдерімен салыстыру ретінде зерттеушілер [3; 161–163] төмендегідей мысалдарды келтіреді:

**түрікмен:** *баар, аат, аач, диши, оот, өөт, дааши;*

**якут:** *баар, аат, аас, тиис, уот, үөс, таас;*

**эзербайжан:** *вар, ад, ач, диш, од, од, даш;*  
**алтай:** *паар, ат, ач, тиш, от, от, таи;*  
**башқұрт:** *бар, ат, ас, теи, ут, ут, таи;*  
**қазақ:** *бар, ат, аш, тиc, от, от, тас;*  
**қарақалпақ:** *бар, ат, аш, тис, от, от, тас;*  
**қырғыз:** *бар, ат, ач, тиш, от, от, таи;*  
**құмық:** *бар, ат, ач, тиш, от, от, таи;*  
**ноғай:** *бар, ат, аш, тиc, от, от, таи;*  
**татар:** *бар, ат, ач, теи, ут, ут, таи;*  
**тува:** *паар, ат, аш, тиши, от, от, даи;*  
**өзбек:** *бор, от, оч, тиш, ут, ут, тои;*  
**үйғыр:** *бар, ат, ач, тиш, от, от, таи;*  
**хакас:** *пар, ат, ас, тиc, от, от, тас;*  
**чуваш:** *пур, йат, вьса, шы, вут, ват, чул;*  
**шор:** *пар, ат, аш, тиш, от, от.*

Қырғыз, алтай, хакас, шор, тува, гагауз тiлдерiндегi созылыңқылар — әр тiлдiң фонетикалық ерекшелiктерiне сай пайда болған «соңғы» созылыңқы дыбыстар болса, якут, түрiкмен тiлдерiнде созылыңқылар «алғашқылардың» қатарына жатқанымен, бұл тiлдерде де фонетикалық iшкi заңдылығына сай дамыған «соңғы» созылыңқылар да бар: *уу-су, суон-жуан, уол-ұл, быар-бауыр, дуур-тұр* т.б. [3; 164].

Түрiкмен, якут тiлдерiндегi созылыңқы дауыстармен келетiн сөздерге басқа түркi тiлдерiндегi қысқа созылыңқылардың сәйкес келуi «алғашқы» созылыңқылардың тарихи дамуына байланысты ерекшелiктi көрсетедi. Мысалы: *дааг-тау, аай-ай, саан-сан, маал-мал, оон-он, боор-бор, бөөри-бөри, гөөк-көк, дыыз-тiзе, ыыз-из, иис-ис, иил-ел* т.б. (түрiкмен); *саас-жаз, хаар-қар, хаан-қан, тиис-тиc, хаал-қал* т.б. (якут). Сонымен қатар якут тiлiнде екi дауыстының қатар келуi арқылы жасалатын созылыңқы дауыстыларға ұқсас келетiн дифтонг дыбыстар да бар. Олар басқа түркi тiлдерiндегi қысқа дауыстыларға сәйкес келедi: *биэс-бес, буол-бол, уон-он, суол-жол, күөл-көл, уот-от, түөс-төс, улуу-ұлы, асыы-ащы, үөр-үйiр, суон-жуан, бүүр-бүйiр, күөх-көк, быар-бауыр, быа-бау* т.б. [3; 193].

Созылыңқы дыбыстар көп жағдайда сөздiң мағынасын өзгертуге әсер ететiнi белгiлi, яғни қысқа дауыстымен берiлген сөз бен созылыңқы дыбыспен берiлген сөз мағына жағынан ажыратылады. Қазақ тiлiнде көп жағдайда омоним сөздердi контекст арқылы ажыратсақ, созылыңқы дыбыс бар тiлдерде бұлар сол дыбыстарға қатысты ерекшеленуi мүмкiн. Мысалдар: *ал-ал, аал-ауыл, дага-тага, дагаа-тауық, ол-ол, оол-ұл, дүн-түн, дүүн-кеше, мәң-мең, мээң-менiң, бер-бер, бээр-беру, хары-жасы, харыы-жауабы* т.б. (тува); *аак-ақ* (сын есiм), *ак-ақ* (етiстiк), *аач-аи* (сын есiм), *ач-аи* (етiстiк), *даиш-тас, даиш-алыс, оот-от, от-от* (*шөп*), *өл-дымқыл, өл-өл, пиил-күрек, пил-пiл, сыгыр-ысқырық, сыгыр-сиыр, суурт-құрт, гурт-құрт, бииз-бiз* (зат есiм), *биз-бiз* (есiмдiк) т.б. (түрiкмен); *ыит-жiбер, ыт-ит, биил-бел, бил-бiл, хаас-қаз, қас, хас-қанша, таас-тас, тас-тыс, киир-кiр, кир-кемiр* т.б. (якут); *аач-агаиш, аач-аи* (сын есiм), *ач-аи* (етiстiк), *ааз-ауыз, аз-аз, дүүн-той, дүн-кеше, саат-сағат, сат-сат, уур-бақыт, ур-ұр, аала-жыла, ала-ала* т.б. (гагауз).

Созылыңқы дыбыстар түбiр сөздiң құрамында ғана емес, қосымшаларда да кездеседi. Қосымшалардың құрамында келуi көп жағдайда тәуелдiк жалғауға, барыс септiгiнiң жалғауына, көсемше, есiмше жұрнақтарына сәйкес келуi мүмкiн. Мысалы: *табак* (*табақ*) — *табаам, табааң, үлүг* (*үлес*) — *үлүүм, үлүүң, үлүү, балык* (*балық*) — *балыым, балыың, балыы, кижж-кiсi, кижжээ-кiсiге, бол-бол, бооп-болып, кел-кел, кээп-келiп* (*тува*); *азах* (*аяқ*) — *азаам* (*аяғым*), *мылтых* (*мылтық*) — *мылтиим, одынь-отын, одиим-отыным, киме-кеме, кимее-кемеге, кiзi-кiсi, кiзее-кiсiге, пас-жаз, паспаан-жазбаган, киспе-кеспе, киспеен-кеспеген, тап-тап, таап-тауып, саг-сау, саап-сауып* т.б. (хакас); *ата-ата, атаанын-атаның, атааны-атаны, атаа-атага, көче-көше, көчее-көшеге, көчээм-көшем, атааныз-атаңыз, гарры-кәри, гаррыраак-кәрiрек* т.б. (түрiкмен); *бар-бар, барыы-бару, кэл-кел, кэлиш-келу, икки-екi, иккилиш-екiден, ағыс-сегiз, ағыстыы-сегiзден, суон-жуан, соноо-жуандау, ага-әке, агалаах-әкелi, кыыс-қыз, кыыстаах-қызды* т.б. (якут) [3; 161–174].

Қырғыз тiлiндегi созылыңқы дыбыстар да созылыңқылардың iшiндегi «соңғы» деген түрiне жатады. Бұлар синхронды түрде фонемалық қасиетке ие, яғни сөздердi мағына жағынан ажыратады. Мысалы: *ор-ор, оор-ауыр, кече-кеиш, кечээ-кеше, ара-ара* (екi үйдiң арасы), *ара-араа* (құрал), *бор-бор, боор-бауыр, эр-еркек, ээр-ер тоқым, ток-тоқ, тоок-тауық* т.б. Бұлай деуiмiз созылыңқы дауыстылар қырғыз тiлiнде диахронды тұрғыдан қарастырғанда ешқандай фонологиялық мағынасы жоқ

фонетикалық құбылыстардың нәтижесі болып табылғандығында жатыр. Олардың шығу тегін түркітанушы-ғалымдар «соңғы» созылыңқылық деп қарастыратынын жоғарыда айтып кеттік. Мысалы: *тоо* (қырғ.), *тау* (қаз.) <*таг* (көне түркі); *боо* (қырғ.), *бау* (қаз.) < *баг* (көне түркі).

Зерттеушілер қырғыз тіліндегі созылыңқы *aa* дыбысының этимологиясын *ага*, *аңа*, *айа* дыбыстарының қосындысына сәйкестендіреді (*багатур-баатыр*, *сагадаг-саадаг*, *маңыра-маара* т.б.) [5; 22; 6]. Ал кей сөздердегі созылыңқы *aa* тіпті түрікмен тіліндегі «алғашқы» созылыңқыға ұқсастығы байқалады: *аары*, *таны* [3; 200]. Созылыңқы *aa* қазақ тіліндегі *a*, *ә* дыбыстарына сәйкестік ретінде көрінеді: *самай-самай*, *санаа-сана*, *ураан-ұран*, *талаа-дала*, *калаа-қала*, *саал-сәл*, *маалим-мәлім*, *даам-дәм*, *баары-бәрі*, *аалам-әлем*, *тааныш-таныс* т.б. бұл жерде айта кететін бір жағдай — созылыңқы дыбыстардың басқа тілден (араб, иран) енген сөздерге қатыстылығы. Қырғыз тілімен қоса, кейбір түркі тілдерінде басқа тілден енген сөздер құрамындағы кейбір дыбыстардың созылыңқыға айналып кетуі орын алған.

Қырғыз тіліндегі созылыңқы *aa* дыбысының қолданылуына кей жағдайда қазақ тіліндегі *ә* дыбысының сәйкес келетін орындары болатынын байқауға болады. Бұл созылыңқының шығу тарихын кей сөздерде *ә*-ның түсіп қалуымен байланысты қаралады [5; 22]: *саа-сағ*, *саам-сағым*, *маал-ар.маһалл* [3; 200]. Қазақ тілімен салыстырғанда, бұған қатысты *баа-баға*, *саат-сағат*, *маалымат-мағлұмат*, *маано-мағына* т.б. сияқты сөздерді мысалға алуға болады.

Бұл сөздердің өзбек тіліндегі қолданысында созылыңқы айтылу байқалады. Мұның себебін өзбек тілінің зерттеушісі А.Н.Кононов бұл тілдегі екінші дәрежелі созылыңқылардың болуы тәжік, араб, парсы тілдерінен енген сөздерде кездесіп, ол орфографияда дауысты дыбыс пен *ь* (жуандық белгі), сондай-ақ *x* арқылы белгіленетінін айтады: *феъл* (*фа: л*), *таъсир* (*та: сир*), *шахар* (*ша: ар*), сонымен қатар дауысты дыбыстардың созылыңқы айтылуы *в*, *п* (*б*) дауыссыздарының түсіп қалуында да байқалады: *сув* (*су:*), *уқув* (*оқу:*), *совуқ* (*со: уқ*), *топиб* (*то: п-тауп*) [7]. Сөйлеу тілінде *a* дауыстының созылыңқы түрде айтылуы ескі өзбек тілінде де бар [8].

Қазақ тіліндегі *мен*, *сен*, *ол* жіктеу есімдіктеріне барыс септігінің қосымшасы жалғанғанда *маған*, *саған*, *оған* түрінде қолданылса, қырғыз тілінде *мага*, *сага*, *ага* түрінде беріледі. Ал осы сөздердің қырғыз диалектіндегі қолданылысында екі дауыстының арасындағы *г* түсіп қалып, сөздің созылыңқы түрде айтылатылуы байқалады: *мага-маа*, *сага-саа*, *ага-аа* [6; 130].

Қазіргі қазақ тіліндегі *y* көне түркі тілінде қолданылған *yg* дыбыс тіркесі негізінде қалыптасқан [9; 46]. Қырғыз тіліндегі созылыңқы *oo* туралы М.Томанов: «*O* дыбысы *a+g* дыбыс тіркесінің орнына айтылады. Әзербайжан, түрік, түрікмен, өзбек, ұйғыр тілдерінде осы сипатта кездеседі, ал көне жазбаларда жүйелі түрде қолданылған. Қазақ, құмық, ноғай, татар, башқұрт тілдерінде *-au* түрінде айтылады,» — деп [1; 35] және «Қазіргі қырғыз тілінде көне түркі тіліндегі *g*, *z* дауыссыздарының дауыстылармен тіркесі тек созылыңқы дауысты болып естіледі. Бұл заңдылық ол тілде сырттан енген сөздерге де жайылған. Қырғыз тіліндегі созылыңқылардың қазақ тіліндегі дифтонгілермен бірізділігін мына фактілерден байқауға болады:

**Көне түркі тілі***йоган*, *суг*, *баг**йунгу*, *ийегін**қағур*, *қуғу***Қырғыз тілі***жоон*, *суу*, *буу**жуу*, *джеен жуу*,*кууп*, *куу***Қазақ тілі***жуан*, *су*, *бу**жиен**қуып*, *қу*», — деп толықтыра түседі [9; 47].

Қазақ-қырғыз тілдерінде кездесетін *oo-au*, *өө-еу* сәйкестігі көп сөздердің құрамында орын алып, бұл түбір сөздерге де, қосымшаларға да қатысты болып келеді. Мысалы: *белгилөө-белгілеу*, *бешөө-бесеу*, *гүлдөө-гүлдеу*, *чөөгүн-шәугім*, *дөөр-дәуір*, *дөө-дәу*, *төө-түйе*, *өткөөл-өткел*, *күйөө-күйеу*, *жөө-жәу*, *сөөк-сүйек* т.б.

Қазақ тіліндегі жинақтау сан есімінің (*-au*, *-eu*) аффиксі қырғыз тілінде созылыңқы *oo*, *өө* болып келуі де тарихи грамматикаға тән құбылыс. Бұл қосымшаның қырғыз тілінде созылыңқыға айналуы дауыссыз дыбыстың түсіп қалуымен байланыстырылады: *агы-oo*, *эги-өө* [10].

Қырғыз тіліндегі созылыңқы *ээ* дауыстының тарихына байланысты И.А.Батманов: «Образования *ээ* разъясняются из сочетания гласного *с*, *z*, *й*,» — дей келіп, *-ээ* — *ие* — *эгә*, *бээ* — *бие* — *бийе*, *ээр* — *ер* — *эгэр*, *ээк* — *иек* — *ияк*, *нээт* — *ниет* — *ният* сияқты мысалдарды келтірген [11; 81]. Бұндай сәйкестіктер қазақ тілімен салыстырғанда да көзге түседі: *бээ-бие*, *ээк-иек*, *жээн-жиен*, *ээ-ие*, *мээр-мейір*, *кээче-кеше* т.б.

Қырғыз тіліндегі созылыңқы *уу* дыбысының пайда болуы көп жағдайда көне түркілік *g* дыбысының сөз құрамынан түсіп қалуымен байланыстырылады (*согук* — *суук*, *богун* — *муун*) [5; 29]. Н.К.Дмитриев түркі тілдеріндегі созылыңқы дауыстылардың тарихы туралы еңбегінде *уу*-дың

шығуын *уэ* дифтонгісімен немесе *уқ/уэ* тіркесімен байланыстырады: *туу-туэ, буу-буэ, буудай-буэдай, уул-огул, туура-туэра* [3; 199], ал И.А.Батманов бұл туралы: «Долгий *уу* возникает преимущественно из *огу, ог, уэ, уб, ув, ов: уул — ұл — угил, буу — бу — буэ, улуу — ұлы — улуг, туу — ту — туэ, суу — су — сув, уу — аң — ов,*» — деп жоғарыдағы пікірлерді толықтыра түседі [11; 43].

Созылыңқы *уу, үу* дыбыстары қазақ тілімен салыстырғанда *ұ, үу* сәйкестіктері ретінде және сын есімнің *-лы, -лі, -ды, -ді, -ты, -ті* жұрнақтарына, тұйық етістіктің жұрнағына қатысты немесе ерін үндестігіне байланысты көрінеді. Мысалы: *буурул-бұрыл, буурчак-бұршақ, аркылуу-арқылы, балалуу-балалы, куурай-қурай, жуун-жуын, жуук-жуық, эптүү-епті, беделдүү-беделді, белгүлүү-белгілі, билимдүү-білімді, тирүү-тірі, кичүү-кіші, келүү-келу, элүү-елу, өчүрүү-өшіру, өсүү-өсу* т.б.

Қырғыз тіліндегі созылыңқы дауыстылардың қазақ тіліндегі берілу жолдарын салыстырғанымызда, айтарлықтай айырмашылықтар байқалды. Атап айтқанда, созылыңқы дыбыстар түбір сөздің құрамында да, қосымша құрамында да кездесе береді, бірақ кез келген морфологиялық тұлға құрамында айтыла бермейді. Қырғыз тілінің белгілі зерттеушісі И.А.Батманов «Современный киргизский язык» деп аталатын еңбегінде созылыңқы дауыстылардың төмендегідей қосымшалар құрамында кездесетінін көрсеткен:

1) сын есімнің шырай аффиксінің құрамында; *-раак//рээк, -роок//рээк: сулуураак, жақшыраак;*

2) *-ыл, -ін* көсемшесінің құрамындағы қысаң дауысты түбір құрамындағы ашық дауыстымен ұштасып созылыңқы болады: *таап (тапын), чаап (чапын);*

3) жинақтық сан есімдерді жасайтын тұлға *-оо/-өө* түрінде дыбысталады: *экөө, алтоо;*

4) тұйық етістік тұлғасы *уу/үу-оо/-өө* түрінде айтылады: *келүү, жазуу;*

5) сын есім жасайтын қосымшалар созылыңқы болады: *-луу/-лүү, -дуу/-дүү, -туу/-түү: балалуу, таптуу* [11; 44].

Қырғыз тілінің мұндағы тағы бір ерекшелігі — созылыңқы дауыстыларының сөз мағынасын өзгертуге немесе айқындау-ажыратуға қызмет ететіні, яғни дауыстылардың қысқа немесе созылыңқы айтылуы, сөз семантикасына байланысты құбылыс екені. Бұл жерде, қазақ тілімен салыстырғанда, мынадай айырмашылық бірден көзге түседі. Мысалы, қазақ тіліндегі омоним сөздердің мағынасы олардың контексте қолданылуына байланысты ажыратылса, қырғыз тілінде бұл көбіне созылыңқы дыбыстар арқылы айқындалады. Мысалы:

**Қырғыз тілі:**

*Маал*

*Мал*

*Жаа*

*Жоо*

*Санаа*

*Сана*

*Ара*

*Араа*

*Жак*

*Жаак*

**Қазақ тілі:**

*Уақыт*

*Мал (мал бағу)*

*Жау (қар жауды)*

*Жау (жау шапты)*

*Сана (ой-сана)*

*Сана (беске дейін сана)*

*Ара (екі үйдің арасы)*

*Ара (құрал)*

*Жақ (үй жақта)*

*Жақ (жағы суалу)*

Бұл мысалдардан дауыстылардың қысқа немесе созылыңқы айтылуы арқылы сөз мағынасына тигізетін әсерін айқын көрсек, кей жағдайда олардың бұл қызметі байқала да қоймайды, яғни созылыңқы дыбыс тұлғасы бір, мағынасы басқа сөздердің ара жігін айқындау функциясын атқармай да тұрады. Мысалы:

*Ачуу — ашы*

*Ачуу — ашу*

*Ачуу — ашу (ашу қысу)*

*Куу — қу (қу адам)*

*Куу — құрғақ*

*Куу — қу (ол итті құды)*

*Туура — тура (ет тура)*

*Туура — тура (тура жол)*

*Туура — тура (тура сен сияқты)*

*Буу — бу (жіпті бу)*

*Буу — бу (судың буы шығып жатыр)*

Түркі тілдеріне байланысты жасаған Н.А.Баскаковтың классификациясында да қырғыз тілі, қазақ немесе басқа қыпшақ тілдері сияқты, Батыс ғұн тілдері қатарына емес, Шығыс ғұн тілдері тобына жатқызылған [12]. Бұл жағынан, яғни созылыңқы дыбыстары болуына байланысты, қырғыз тілі сол Шығыс ғұн тілдері тобына жататын якут, хакас, алтай, тува тілдеріне жақындайды. Жалпы, түркі тілдеріндегі созылыңқы дыбыстар туралы айтылған пікір-деректерді жинақтай, талдай келіп М.Томанов: «Алғашқы созылыңқы дауыстылардың бір-бірімен шектеспейтін, тіпті кейінгі

замандарда бір-бірімен тікелей қарым-қатынасқа түспеген тілдер құрамында сақталуы түркі негіз тілінің құрамында, әдеттегідей дыбысталатын дауыстылармен қатар, созылыңқы дауыстылар жүйесі болған деген көзқарасқа негіз болып тұр. Дүниеде белгілі көне тілдердің біразында дауыстылар әдеттегідей де және созылыңқы да айтылған. Тарихи даму барысында созылыңқы айтылған дауыстылар қысқарып, қысаңдап кетсе, енді бір тілдерде дифтонгілердің қалыптасуына негіз болған,» — деген қорытынды жасайды [1; 39].

Ал нақты қырғыз тіліндегі созылыңқылардың өзіндік даму тарихы жөнінде К.Дыйқанов: «Созылыңқы *ээ, уу, өө, оо* дыбыстарының пайда болуы көне түркі тілінде қолданылған *э, г, к, қ, ң* сияқты дыбыстардың түсіп қалуы нәтижесінде пайда болған (*бугдай-буудай, огул-уул, кичиг-кичүү, тириг-тирүү, ириг-ирүү*),» — деп ой түйеді [13]. Яғни қырғыз тіліндегі созылыңқы дауыстылар екінші созылыңқылықтың негізінде пайда болған. Мұны түркітанушы ғалымдар өз еңбектерінде көрсетіп кеткен болатын: «...указанные два процесса имеют между собой преемственную связь, но отделены друг от друга очень большим промежутком времени: возникновение «первичных» относится к общетюркской эпохе, а переход *-з->-й* — и отсюда образование вторичной долготы — явление сравнительно новое, свойственное далеко не всем тюркским языкам» [4; 66]. Демек, бұлардың жоғарыда М.Томанов зерттеуінде келтірілген алғашқы созылыңқыларға еш қатысы жоқ деуге болады.

Өзбек тіліндегі сөздер құрамындағы дауысты дыбыстардың қатар келуін қазақ тілімен салыстырғанда бірінші байқалатын ерекшелік сөз ортасындағы *э* дыбысының түсіп қалуынан көрінеді. Қазақ тілімен салыстыра алып отырған мысалдардың көбі араб-парсы тілдерінен енген сөздер болғанымен, олардың дыбыстық сипатына байланысты ерекшеліктер болып табылады. Мысалы: *воқеа-оқиға, жамоат-жамағат, саот-сағат, таом-тағам* т.б.

Қарлұқ тобына енетін ұйғыр тіліндегі қос дауыстының қатар келуі өзбек тіліне ұқсас құбылыс. Т.Талипов ұйғыр тіліндегі *аа, әә, ии* қос дауыстысына араб-иран тілдерінен енген *тәбиш, тәғлуз, саат* сөздерін келтіре отырып: «В этих словах двугласные *аа, әә, ии* в качественном и количественном отношениях почти ничем не отличаются от долгих гласных *аа, әә, ии* киргизского, азербайджанского и других тюркских языков, где краткость и долготы имеют фонематические значения», — деп ерекшелігін айқындай түседі [14].

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Томанов М. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. — Алматы: Қазақ ун-ті баспасы, 1992. — 190 б.
- 2 Серебренников Б.А., Гаджиева Н.З. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. — М.: Наука, 1986. — С. 11, 12.
- 3 Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. — Ч. 1. Фонетика. — М.: Изд. АН СССР, 1955. — 334 с.
- 4 Бишиев А. «Первичные» долгие гласные в тюркских языках. — Уфа, 1963. — 127 с.
- 5 Кыргыз адабий тилинин грамматикасы. — Фрунзе: Илим, 1980. — 538 б.
- 6 Сартбаев К. Түрк тилдеринин салыштырма грамматикасы. — Фрунзе, 1962. — 130-б.
- 7 Кононов А.Н. Грамматика современного узбекского литературного языка. — М.-Л.: Изд. АН СССР, 1963. — С. 21.
- 8 Умаров Э.А. Словари староузбекского языка и вопросы фонетики. — Ташкент: Фан, 1994. — С. 3.
- 9 Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. — Алматы: Мектеп, 1988. — 264 б.
- 10 Ахматов Т.К. Звуковой строй современного киргизского литературного языка. — Фрунзе: Мектеп, 1968. — С. 145.
- 11 Батманов И.А. Современный киргизский язык. — Фрунзе: Изд. АН СССР, 1963. — 165 с.
- 12 Баскаков Н.А. Введение в изучение тюркских языков. — М.: Высш. шк., 1969. — С. 314.
- 13 Дыйқанов К. Кыргыз тили таблиця түрүндө. — Алматы: Қайнар, 1989. — 117–123-б.
- 14 Талипов Т. Гласные звуки уйгурского и казахского языков. — Алма-Ата: Наука, 1968. — С. 23.

М.А.Тұрсынова

#### Вторичные долгие гласные в киргизском языке

В статье делается обзор проблемы долгих гласных в тюркских языках и всесторонне рассматриваются вторичные долгие гласные в киргизском языке. Автор прослеживает историю развития гласных, характеризует первичные и вторичные долгие гласные в тюркологии, приводит примеры из алтайского, хакасского, туркменского, тувинского языков. На материале киргизского языка в статье определяются шесть долгих гласных, показано также их употребление в корневых основах и аффиксах.

The article devotes problem of long vowel sounds in Turk languages and second long vowel sounds in Kyrgyz language had shown widely. The author showing second long vowel sounds in Kyrgyz language, opinions the history of vowel sounds, charactering first and second long vowel sounds in turkology. Charactering long vowel sounds in Turk languages, the examples from Altai, harass, Turkmen, tuba languages had asked. On the base language materials of Kyrgyz language there six long vowel sounds in Kyrgyz language and it's using in bases and affixes have showing.

ӘОЖ 811:811.512.122

А.Қ.Сейілхан

*Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университеті, Өскемен*

### **Ғаламның тілдік бейнесіндегі қазақтың көркемдік танымы**

Мақалада қазақ халқының адам санасындағы көрініспен тығыз байланысты көркемдік танымындағы ғаламның тілдік бейнесі сөз болады. Әрбір ұлт ғаламның бейнесін сол халықтың географиялық, этнографиялық, тілдік-мәдени мәнімен байланысты сипаттап, көрсете алады.

*Кілтті сөздер:* тіл, ойлау сана, ғаламның тілдік бейнесі, тіл мен сана, сөз өнері, тілдің мәні, қоршаған орта, шындық болмыс, адамның әлемді тануы.

Тіл таным негізінде түзілген әлем туралы біліммен, оның адам санасындағы көрінісімен тығыз байланысты. Тіл арқылы көріністен сана қалыптасады. Тіл мен сана арасындағы сабақтастықты ғалым А.Байтұрсынұлы: «Сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі: 1) ақылға, 2) қиялға, 3) көңілге. Ақыл ісі — аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғыну, тану, ақылға салып ойлау, қиял ісі — меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бейнесіне ұқсату, бейнелеу, суреттеп ойлау; көңіл ісі — түю, талғау. Тілдің міндеті — ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жараяу. Мұның бәріне жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама-қадарынша жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын. Ойын ойлаған қалпында, қиялын меңзеген түрінде, көңілдің түйгенін түйген күйінде тілмен айтып, басқаларға айтпай білдіруге көп шеберлік керек», — деп жазады [1].

Расында да, адамды тілінен тыс сипаттау мүмкін емес. Тілдің мәні мен өзіндік ерекшеліктері адам және оның әлемге құралы ретінде қызмет етеді. Адам баласы тілді меңгермей тұрып, өз денгейінде ғаламмен танысады, сезім мүшелері арқылы болмыстағы құбылыстардың сырын түсінеді, ғалам туралы ақпараттарды санасына жинақтайды, құбылыстардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтайды, ойша таразылайды. Уақыт өткен сайын алдыңғы мәліметтер жаңа ақпараттар жүйесімен толығып, санада ғаламдық бейненің қалыптасуына түрткі болады. Осы құбылыстың адам тіліндегі бейнесі туралы ойлар неміс ғалымы Л.Вейсгербер еңбектерінде қарастырылған. Автор ғаламның тілдік бейнесі халықтың ғаламды танып-түйсіну тәсілі және болмыс туралы білімнің кодталу жолы арқылы түзіледі деп көрсетеді.

Адам дүниетанымының басты элементі — ғалам бейнесі. Онда адамның дүниені тануының негізгі көріністері жинақталған. «Ғаламның тілдік бейнесі» күрделі ұғымдық құрылым болғандықтан, оның болмысын әр зерттеуші өзіндік баға береді. Бұл жерде «Дүниенің суреті» адам санасында эволюциялық жолмен дамып, шыңдалып келе жатқан тілдік категория екенін ескереміз. «Ғаламның тілдік бейнесінің» шығу тарихы ежелгі философтар еңбектерінен бастау алады. Тіл және ойлаудың өзара қатынасы қарастырылған кезде сөздер, олардың мағыналары адам тілінде бөлек түсінік, өзіндік танымдық әлем құрайды. Дерексіз, деректі ұғымдар бірлесіп келіп, индивид тіліндегі қоршаған ортаға, өз ұлтына деген көзқарасын білдіреді. Сигналдық жүйе адамға әсер еткенде қоршаған ортаның, оның заттары және құбылыстарының ең елеулі белгілері сақталып, дерексізденіп мағына құрылымының ерекше бөлігіне айналып бекиді. Мағыналар ірілі-ұсақты жүйешелерден тұратын өзіндік қойма іспетті әлем түзеді, бұның шығар бастауы — қоршаған әлем. Бұл ой турасында тілші А.Ислам: «Адам қоршаған ортаны ойлау арқылы танып біледі және ол адам санасында көрініс табады. Адамның шындықты танып білуі, ой арқылы жүзеге асса, тіл — ойдың бейнелеу қызметінің нәтижесін